mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

# Мұнайлы өлке

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№02 (136), наурыз, 2021 жыл




Баршаңызды 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс, дендеріңізге саулық тілейміз.

Адамзат ойлап тапқан ең көркем мерекенің ең көрікті жыл мезгілімен қатар келуі де бекер емес шығар. Көктемнің күні секілді жанымызда жүрген Сіздер, әрдайым көңілімізді жылытып, жарқын болашаққа деген сенімімізді арттырып жүресіздер. Әлемнің өзі Сіз жаратқан адаммен ғана сұлу. Қазақтың «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген мәтелінің сыры да осында жатыр!

Өндірісіміз де өздеріңізбен ғана өрнекті. Орынды жерінде тоқтау айтып, керекті жерінде қанаттандырып отырасыздар. Қазақтың қызына, қазақтың анасына тән сабырлы болмысыңыз бізді қызуы күшті өндірістің отына күйдірмей алып келеді. Мың алғыс Сіздерге арулар!

Биыл түбекті түлеткен Маңғыстау мұнайының алғашқы фонтанына 60 жыл толады. Сол жылдардың шежіресіне бір көз жүгіртсек, талай қазақ аруының алтын әріптермен жазылған есімдерін көруге болады. Қамқа Үмбеталина, Дари Тоқжанова, Жолекен Байжауынова, Роза Бимухамбетова, Қалуа Елизекова, Биязы Енсегенова апаларымыз осы өндірістің алғашқы қарлығаштарының бірі. Бәрі де алдыңғы буын мұнайшы ағалармен қатар жүріп, елдің ертеңі үшін ерінбей қызмет еткен жандар. Сіздердің де әрқайсысыңыздың бойыңыздан осы апаларымызға тән ерлік мен елгезектікті, қажырлылық пен қайсарлықты көреміз. Мақтан тұтамыз!

Әрқашан мерейлеріңіз үстем болсын. Алар асуларыңыздың биік, талаптарыңыздың оң, бақтарыңыздың баянды болуына тілектеспіз. Мереке баршаңызға құтты болғай!

**Құрметпен,**

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы**

*Ішкі коммуникация*

# ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП

**Қадірлі әріптестер!**

Өздеріңізге белгілі себептермен дәстүрлі есептік кездесуімізді биыл жүзбе-жүз өткізу мүмкіндігі болмай тұр. Дегенмен, бекітілген ережелерге сәйкес, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасының 2020 жыл бойынша еңбек ұжымымен кездесуіне арналған жылдық қорытынды есебін ішкі коммуникация құралдары арқылы назарларыңызға ұсынамыз. Есеп бойынша туындаған барлық сұрақтарыңыз бен талап-тілектеріңізді «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында қолданысқа алынған өтініштер мен арызшағымдарды қабылдау және қарастыру туралы ережесіне сәйкес Басқарма атына Компания кеңсесі немесе info@mmg.kz электронды поштасы арқылы жолдасаңыз болады. Сондай-ақ, жылдық есептің кестелік нұсқасымен осы жарияланым соңында көрсетілген **QR**-сілтеме арқылы өтіп танысуға болады.

## Еңбек қауіпсіздігі

### Өндірістік жарақаттар

2020 жылы, алдыңғы 2019 жылмен салыстырғанда, Компания қызметкерлері арасында жазатайым оқиғалар фактісі азайып, 1 ғана жағдай орын алды. Ішкі ережелерге сәйкес тіркеу және тексеру жұмыстары жүргізілді. Жарақат алған қызметкер дәрігерлік сараптамаға жолданып, «Маңғыстау облыстық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны берген дәрігерлік сараптама бойынша «жеңіл жарақат» деген қорытынды берілді. Оқиға «ЖМГ» ӨБ МГӨК-3 аумағында жұмыс уақытында орын алған.

### Жол-көлік қозғалысы

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ орталық инженерлік-технологиялық департаменті ситуациялық орталығы берген ақпарат бойынша 2020 жылы Компанияның өндірістік қызметіне 37 мердігерге тиесілі 2097 дана көлік құралдары мен арнайы техника қызмет көрсеткен.

GPS-мониторинг жүйесінен алынған 2020 жылғы 31 желтоқсандағы мәлімет бойынша, олардың тарапынан 347 ереже бұзу фактісі тіркелген. Оның 48-і бекітілген жылдамдықты асыру, 15-і бекітілген аумақтан тыс шығу және 284-і GPS жүйесінің істен шығуы.

Жоғарыда аталған еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтамау фактілері бойынша, ондай жағдайларды болашақта болдырмау үшін, барлық тиісті амал-шаралар алынды.

## «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнай және газ қорлары

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Компанияның баланстық мұнай қоры 1 135,1 млн. тоннаны құрап отыр (Қаламқас к/о – 645,1 млн.т.; Жетібай к/о – 348,3 млн.т.; Жетібай тобының к/о – 141,7 млн.т.).

**Қалдық алынатын қорлар, 01.01.2021 жағдай бойынша:**

**Мұнай –107,7 млн.тн. Еріген газ –8,9 млрд.м3. Бос газ –14,8 млрд.м3.**




## Өндірістік көрсеткіштер

2020 жылы Компанияның алдын ала бекіткен мұнай өндіру көлеміне түзетулер енгізілді. Оған негізінен COVID-19 пандемиясы салдарынан 2020 жылдың басынан орын алған әлемдік мұнайға деген сұраныстың тәулігіне 20 млн. баррельге, ал оның құнының 70% төмендеуі себеп болды. Осы орайда Компанияның 2020 жылғы мұнай өндіру жоспары ОПЕК+ мұнай экспорттаушы елдердің келісімі аясында 5 922 151 тоннаға дейін қысқартылды (2021 жылғы жоспар – 6 050 452 т.). Аталған экономикалық сақтық шаралары Компания қызметін тұралатпай, әлемдік мұнай бағамдарын тұрақтандырумен қатар, пандемия кезінде жұмыс орындарын сақтап, әлеуметтік міндеттемелерді уақытылы орындап отыруға мүмкіндік берді.

Дегенмен, Компания қызметкерлерінің қарқынды қызметінің арқасында, 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Компания мұнай өндірудің қысқартылған жоспарын 31 740 тонна артығымен орындап, 5 953 891 тонна көрсеткішке қол жеткізді. Табиғи газ өндірісі 305,874 млн.м3 құраса, ілеспе мұнай-газы өндірісі 361,280 млн.м3 құрады.

## Экономикалық көрсеткіштер

2020 жылдың 12 айында Компанияның шоғырландырылған кірістері 529 469 миллион теңге немесе 2019 жылғы 12 айдың көрсеткішінен 61,4% кем болды. Оған негізгі себеп ОПЕК+ қатысушылары арасындағы мұнай өндірісі көлемін қысқарту туралы келісімі мен әлемдік мұнай бағамдарының төмендеуі болды. Ал осы кезеңдегі шоғырландырылған шығыстар көлемі 464 200 миллион теңгені құрап, 2019 жылғы 12 айдағы осындай көрсеткіштен 34,4% кеміді. 69 132 миллион теңгеге күрделі салымдар игерілді. Республикалық бюджетке 155 652 млн. теңге, жергілікті бюджетке 11 789 млн. теңге көлемінде салық төленді. Ал 2020 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша таза кіріс 45 606 млн. теңгені құрады.

## Кадрлық саясат

2020 жылы орын алған пандемия салдарына қарамастан Компанияға тиесілі персоналды оқыту, біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау бағытындағы жұмыстар жыл бойы үздіксіз жалғасып келді. Карантиндік шектеулерге байланысты аталған шаралардың барлығы ақпараттық технологиялардың көмегімен онлайн форматта жүзеге асырылды. Нәтижесінде, кейбір бағыттар бойынша қарастырылған оқу көрсеткіштері артығымен орындалды. Мәселен, міндетті оқыту бойынша 2020 жылға бекітілген құны 73 234 000 теңгені құрайтын 5 870 адамға есептелген оқу курстарынан жыл соңында 6 312 адам өтіп, нақтыланған құны 80 074 900 теңгені құрады. Өзге оқулар бойынша нақтыланған орындалу 7 975 800 теңгені құрады. Ал жұмыскерлерді оқыту және біліктілігін арттыру бойынша нақты орындалу 35 722 300 теңгені құрап, оған 375 адам қатысып шықты.







### Конкурстық іріктеулер

Компания өз ішіндегі кадрлық ауыс-түйістердің ашықтығы мен жалпыға бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында үздіксіз жұмыс жасап келеді. Осы бағыттағы құралдардың бірі - бос жұмыс орындарына Компанияның барлық қызметкерлері арасында ашық конкурстық іріктеулер өткізу болып табылады. 2020 жылы кәсіби білім тестілеуіне барлығы 613 қатысып, бақтарын сынады. Ол 2019 жылғы көрсеткіштен 15 адамға аз. Дегенмен, жалпы көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады. Мәселен, 2019 жылы тестілеуге қатысқан 628 адамның 337-і ғана конкурстардың шектік деңгейінен өткен. Ал, 2020 жылы бұл көрсеткіш 367 адамды құрады.

Сондай-ақ, дәрежесін көтеруге арналған конкурстық іріктеулер бойынша да оң өзгерістер бар. Оған 309 адам қатысып, оның 128-і іріктеуден сүрінбей өтіп, 111 адам келесі дәрежеге ауысты.

### Марапаттаулар

2020 жылы мерекелік даталар мен кәсіби мерекелерге орай Компания бойынша 255 адам түрлі деңгейдегі марапаттарға ие болды:

- ҚР Тәуелсіздігі күні мерекесі орай 71 адам;
- ҚР мұнай және газ саласы қызметкерлері күні мерекесіне орай 70 адам;
- Наурыз мерекесіне орай 51 адам;
- 8-наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай 63 адам.

Олардың 78-і орталық аппарат қызметкерлері, 87-і «ЖМГ» ӨБ және 90-ы «ҚМГ» ӨБ қарасты қызметкерлер.

## Адами ресурстарды басқару департаментінің 2021 жылға арналған жоспарлары

### Ұқыпты өндіріс

Бұл әр жұмыскерді олардың көзқарасы мен тәжірибесі тұрғысынан оңтайландыру процесіне тарту арқылы кәсіпорын шығындарының барлық түрлерін жоюға, жұмысшылардың еңбек жағдайларын жақсартуға деген тұрақты ұмтылысына негізделген тұжырымдама. Ұқыпты өндіріс - өз кезегінде корпоративтік мәдениетті нығайтуға және тұлғааралық қатынастарды жақсартуға айтарлықтай әсер ететін еңбек өнімділігін арттыруға және өндіріс сапасын минималды шығындармен жақсартуға ықпал етеді.

### Оқу полигоны

2021 жылы Қаламқас және Жетібай кенорындарында топтық қондырғыға ұқсас (АГЗУ, буферлік ыдыс, сепаратор, сорғылар, жылыту пештері) жұмысшы кәсіптері бойынша қайта оқыту кезінде практикалық сабақтар өткізуге, «Үздік маман» конкурсының практикалық бөлігін ұйымдастыруға, сондай-ақ жұмысшы кәсіптерінің ауыстырылған жұмыскерлерін бейімдеуге арнап арнайы жабдықталған объектіні іске қосу жоспарлануда.

### Кадрлық резерв

ҚБ/ӨҚБ басшыларының және жоғары санатты мамандардың бос жұмыс орындарын уақтылы алмастыру үшін Қоғамдағы негізгі лауазымдарға кадрлық резерв қалыптастыру жоспарлануда. Кадрлық резерв Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін олардың әлеуетін барынша пайдалану мақсатында перспективалы жұмыскерлерді анықтауға және дамытуға мүмкіндік береді.

**Қоғам жұмыскерлеріне 2020 жылға тәртіптік жаза қолдану**



## «Жылдың үздік қызметкері»

Сонымен қатар, 2020 жылдың қорытындысы бойынша «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасындағы 13 қызметкерге, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасындағы 13 қызметкерге, көлік департаментіндегі 2 қызметкерге үлгілі еңбегі мен жеке жетістіктері үшін «Жылдың үздік қызметкері» атағы берілді.

| № р/с | «Жылдың үздік жұмыскері» атағына мамандықтар тізбесі | Жұмыскердің тегі, аты, әкесінің аты |
|---|---|---|
| **«Жетібаймұнайгаз» ӨБ бойынша** | | |
| 1 | Мұнай және газ өндіру жөніндегі үздік оператор | Сакен Бауржанович Досаев |
| 2 | Қабат қысымын ұстап тұру жөніндегі үздік оператор | Сәлима Сәулебайқызы Шуақбаева |
| 3 | Ұңғымаларды зерттеу жөніндегі үздік оператор | Турлан Уразович Бисенов |
| 4 | Үздік слесарь-жөндеуші | Улыкпан Чаймурзаевич Бердыхожаев |
| 5 | Үздік электр-газбен дәнекерлеуші | Мендыхожа Саурбаевич Исмаилов |
| 6 | Үздік токарь | Махамбет Куанович Баймагамбетов |
| 7 | Үздік лаборант | Ақнұр Күзембаева |
| 8 | Үздік машинист | Балгабай Жумабергенович Абдуллаев |
| 9 | Үздік шебер | Сериккали Куангалиевич Унайбаев |
| 10 | Үздік инженер | Айтбай Атшыбаевич Бектурганов |
| 11 | Үздік механик | Бердибек Алимбекович Кузембаев |
| 12 | Үздік геолог | Тимур Акмуратович Суйеуов |
| 13 | Үздік тауар операторы | Турсынбек Султанович Кульчаров |

| № р/с | «Жылдың үздік жұмыскері» атағына мамандықтар тізбесі | Жұмыскердің тегі, аты, әкесінің аты |
|---|---|---|
| **«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бойынша** | | |
| 1 | Мұнай және газ өндіру жөніндегі үздік оператор | Максат Мырзагалиевич Конысов |
| 2 | Қабат қысымын ұстап тұру жөніндегі үздік оператор | Аманбек Омирбекович Тулеубеков |
| 3 | Ұңғымаларды зерттеу жөніндегі үздік оператор | Ыбырайым Кубашович Кентанов |
| 4 | Үздік слесарь-жөндеуші | Максат Базарханович Суйеуов |
| 5 | Үздік электр-газбен дәнекерлеуші | Тұрар Ығалұлы |
| 6 | Үздік токарь | Нурланбек Калиевич Дюсекешев |
| 7 | Үздік лаборант | Мариям Кажуматовна Кабаева |
| 8 | Үздік машинист | Нұржан Аманжолұлы Алмағамбет |
| 9 | Үздік шебер | Нуртаев Серик |
| 10 | Үздік инженер | Каныш Майданұлы Ақмурзин |
| 11 | Үздік механик | Хасан Оңайжанұлы Сармурзин |
| 12 | Үздік геолог | Жомарт Қарамырзаұлы Тәжиев |
| 13 | Үздік тауар операторы | Ерлан Кадирбекович Жолжанов |

| | | |
|---|---|---|
| **Көлік департаменті бойынша** | | |
| 1 | **Үздік жүргізуші** | Калдыбай Досжанович Утетлеуов |
| 2 | **Үздік жүргізуші** | Балтабек Тлекбаевич Копжасаров |

## Әлеуметтік саясат

### Әлеуметтік тұрақтылық индексі

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өңірдегі ең ірі жұмыс берушілердің бірі. Сондықтан ұжым арасындағы әлеуметтік тұрақтылық Компания күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі болып табылады. Осы орайда, әлеуметтік шиеленістер мен дау-дамайлардың алдын алу үшін Компания қабырғасында әлеуметтік тұрақтылық индексінің деңгейін анықтау бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізіп тұру жолға қойылған.

2020 жылы жүргізілген зерттеу жұмыстары бойынша Компания ішіндегі әлеуметтік тұрақтылық индексінің қорытынды көрсеткіші **83%** құрады. Бұл көрсеткіш 2019 жылғы зерттеу нәтижесінен 16%-ға ілгерілеген. Зерттеу жұмыстары бірнеше индикаторлар бойынша жүргізіледі. Оның ішінде қызметкерлер үшін жан-жақты лайықты әрі алаңсыз еңбек жағдайын туғызу бойынша мәселелер қарастырылған.

Бұл бағыттағы жұмыстар үздіксіз жүріп тұратын процесстер санатына жатады. Биылғы жылға да аталған индекстің жақсаруына ықпал ететін нәтижелі жұмыстар жоспарланған.




### Әлеуметтік төлемдер

Компания әлеуметтік саясатының негізгі баптарының бірі қызметкерлерге оңтайлы еңбек жағдайын тудыру мен әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерінің шешілуіне ықпалдасу болып табылады. Соның ішінде, жұмысберуші мен жұмысшы арасында жасалған ұжымдық шарт негізінде 20 астам бағыт бойынша көптеген жеңілдіктер мен арнайы төлемдер қарастырылған. Мысалға, қызметкерлердің жыл сайынғы еңбек демалысына шығу кезінде еңбекақысы мөлшерінде берілетін материалдық көмек; бала күтімі бойынша 1,5 жасқа толғанға дейін демалыста жүрген әйелдерге ай сайынғы жәрдемақы; зейнеткерлікке шыққанда берілетін біржолғы төлем және т.б. Осы және ұжымдық шартта қарастырылған өзге де баптар бойынша 2020 жылы **4 млрд. 107 млн. 227 мың теңге** көлеміндегі қаражат жұмсалды. Бірақ, 2020 жылы орын алған COVID-19 пандемиясына орай Компания бюджетінде қызметкерлер балаларына жазғы демалыс ұйымдастыруға қарастырылған **291 млн. 414 мың** теңге көлеміндегі қаражат игерілмей қалды. **Дегенмен, осының өзінде, 2020 жылғы әлеуметтік төлемдер көлемі 2019 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 48,9 млн. теңгеге артық болып отыр.**

Бұдан бөлек, тағы 18 890 000 теңге көлеміндегі қаражат, ұжымдық шарт пен Компанияның 2020 жылға арналған бюджетіне сәйкес, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне шұғыл ота жасатуға және емделуге байланысты материалдық көмек ретінде жұмсалды. Әлеуметтік төлемдердің толық тізбесімен (көлемі, мақсаты) есеп соңында көрсетілген **QR-сілтеме** арқылы өтіп танысуға болады.

### Демеушілік көмек

Сонымен қатар, өңірдің әлеуметтік дамуына ат салысу мақсатында, Маңғыстау облысы әкімдігімен жасалған келісім шарт негізінде 1 млрд. 953 млн. 686 мың 488 теңге көлеміндегі қаражат жұмсалды. Қаражат 2020 жылы басталған COVID-19 пандемиясымен күресуге арналған жобаларды қаржыландыруға бағытталды.

| р/с | Жоба мақсаты | Қаржыландыру көлемі |
|---|---|---|
| 1. | 20 дана өкпені жасанды желдетудің интеллектуалды аппараттарын сатып алу | 718 000 000 |
| 2. | Жедел медициналық жәрдем автомобильдерінің 3 данасын сатып алу (толық жабдықталған реанимобиль) | 99 000 000 |
| 3. | Блокпосттар мен патрульдік қызметтер, провизорлық, обсерваториялар, инфекциялық аурухана қызметкерлерінің тамақтануына ақы төлеу | 40 186 488 |
| 4. | «B & K AERO KZ» ЖШС әуе қызметіне ақы төлеу - Ақтау-Мәскеу-Ақтау ресейлік медицина қызметкерлері үшін чартерлік рейс ұйымдастыру | 20 800 000 |
| 5. | Соңғы үлгідегі компьютерлік томографты сатып алу (КТ) | 475 000 000 |
| 6. | Дәрілік препараттардың тұрақтандыру қорын қалыптастыру | 300 000 000 |
| 7. | Ауылдық дәрігерлік амбулаториялар үшін УАЗ базасындағы 15 дана жедел жәрдем автокөліктерін сатып алу | 115 200 000 |
| 8. | Стационарлық рентген аппаратының 1 данасын сатып алуды қаржыландыру | 35 500 000 |
| 9. | Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың өңірлік тұрақтандыру қорының ең төменгі нормативтік мәнін жеткізу үшін қаржыландыру | 150 000 000 |
| **Жиыны** | | **1 953 686 488** |

### Әлеуметтік нысандарды іске қосу

Вахталық әдіспен жұмыс жасайтын қызметкерлерге ыңғайлы тұрмыстық жағдай тудыру және еңбек өнімділігін арттыру үшін 2020 жылға бірқатар жаңа әлеуметтік нысандарды іске қосу және жөндеуден өткізу жоспарланған болатын. Мәселен, 2020 жылы Асар кенорнында 50 төсек орынға арналған жаңа жатақхана құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді. Қаламқас кенорнындағы №31 және №35 жатақхана блогтары күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, №39 блогта жөндеу жұмыстары жалғасып жатқандығын ескерткіміз келеді. Ал, 2020 жылға жоспарланған №3 асхананың қайта жаңарту жұмыстары карантиндік шектеулерге байланысты кейінге шегеріліп, аяқталуы биылғы 2021 жылға жоспарланып отыр. «Кір жуатын кешен», «Дезинфекциялық камера» ғимараттарының да құрылысы аяқталу сатысына көшті.





### COVID-19 пандемиясы

2020 жылы әлемді жалмаған COVID-19 пандемиясы біздің Компаниямыздың да қызметіне кері әсерін тигізгені рас. Жүйелі, үйреншікті қызмет тәртібі қайта қаралып, көптеген шектеулер енгізілді. Алайда, қабылданған қауіпсіздік ережелеріне қарамастан Компаниямыздың 372 қызметкері COVID-19 вирусын жұқтырды. Олардың 363 тиісті ем-дом шараларын қабылдап, қайта қатарымызға қосылса, 9 қызметкеріміз өкінішке орай қайтыс болды.

Пандемия салдарымен күрес, оның одан ары таралуына жол бермеу бағытындағы жұмыстар әлі де жалғасуда. Қызметкерлерді жұмыс орнына жібермес бұрын ПТР сынамасынан өткізу, жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету, қызмет орындарын күшейтілген санитарлық нормаларға сай жуып-тазалау, өндіріс нысандары мен кеңселерге кіріп-шығуды қадағалау, қызметкерлер мен жұмыс бабы бойынша келуші азаматтардың қызуын қашықтықтан өлшеу сынды сақтық шаралары үздіксіз жүріп келеді. Қызметкерлер қауіпсіздігі басты назарда!

**Қадірлі әріптестер!**

**2020 жылдың қорытындысымен таныс болдыңыздар. Атқарылған шаруа аз емес, дегенмен алда күтіп тұрған жұмыстар да жетіп жатыр. Осы орайда, баршаңызды, Компания жетістіктерін – әрбіріміздің жетістігімізді еселей түсу үшін ортақ мүддеміз бен мақсаттарымыз жолында күш біріктіруге, ұжымымызға тән еңбекқорлық пен жауапкершілікті арттыра түсуге шақырамыз!**

**«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» – БІЗ ҮШІН ДАРА!**

**Құрметпен,**

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы**

*Жетібай кен орнының ашылғанына - 60 жыл!*

# МҰРАЖАЙ – ТАРИХТЫҢ АЙНАСЫ

**Осыдан бес жыл бұрын мұнайлы өлкенің қазыналы тарихынан сыр шертетін мұражай елеулі мерекелермен тұспа-тұс ашылған-ды. Маңғыстау мұнайының 55-жылдығы әрі «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 50-жылдығы құрметіне есігін айқара ашқан «Еңбек Даңқы» мұражайында компания өміріндегі елеулі сәттер мен маңызды оқиғаларға куә тарихи жәдігерлер сақталған.**



Мұражайда сонау 61-жылдардан бері жанқиярлықпен еңбек етіп, қасиетті өлкеде жаңа кәсіпорындардың құрылуына, қалалар мен елді мекендердің пайда болуына жұмыла атсалысқан, мұнайдың әр тамшысы үшін талмай-тынбай тер төккен, Қазақстанның Тәуелсіздігіне сүбелі үлес қосқан аға ұрпақтың ерлікке бергісіз еңбегі, өмір жолы жатыр. Жарты ғасырдан астам ел экономикасын өркендетуге үлес қосқан жетібайлық мұнайшылардың еңбек дәстүрін насихаттауды мұрат тұтқан мұражайдан мұнай өндірісі басшыларынан бастап, №6 ұңғыдан алғашқы мұнай фонтанын ауыздықтаған бұрғылау шебері Н.Петров жетекшілік еткен бригада мүшелерінің суреттері, сондай-ақ осы салада абыройлы қызмет етіп, кейіннен өмірден өткен әріптестерге арналған «Ортамыздан өткен жақсылар» қабырғасы, өндіріс алаңының макеті, шағын мұнай мұнарасы, Жетібай кенорындарынан өндірілген мұнай үлгілері, басқа да көрнекі заттар бар. Ардагер мұнайшылардың көзіндей болған май сіңген күпәйкі, темір кетпен, ескі шелек еріксіз назар аудартады.






Бұл дүниелер бүгінгі технологияның сан түрі дамыған заманда көзге елеусіздеу көрінгенімен, сол кездегі еңбек иелерінің қажыр-қайратының қолтаңбасындай әсер қалдыратыны рас.

Осы бес жыл ішінде мұнда келушілер қатары өте көп болды. Құрметті қонақтардың ішінде Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Нұрлан Ноғаев та бар. Жазғы маусымда еліміздің әртүрлі аймақтарынан қыдырып келген студенттер мен мектеп оқушылары мұнайлы өлкенің тыныс-тіршілігімен осы мұражай арқылы етене танысып жүр. Ал Жетібай ауылында ақ отау тіккен жас жұбайлардың «Еңбек Даңқына» ата-бабаларымыздың алдына тағзым ету үшін арнайылап келгені көңілге қуаныш ұялатады.


4 орта мектеп бүлдіршіндері

Бір қызығы, тосыннан келген меймандар да жоқ емес. Өзбекстан, Иран, Түркия елдерін велосипедпен еңсеріп, өңірімізге табан тіреген шетелдік саяхатшы Мэттью Адамс жолшыбай соғып, мұражай журналына өз қолтаңбасын қалдырған еді.

«Еңбек Даңқы» мұражайы әлі де мұнайшылардың ерен еңбегін әйгілейтін дүниелермен толығып, келешекте республикалық деңгейдегі мұражайға айналатынына сенімім мол.

Биыл Тәуелсіз еліміздің 30 жылдығы аясында Маңғыстаудың алғаш мұнайының ашылғанына 60-жыл толып отыр. Осы орайда мұнай және газ саласының ардагерлері мен қызметкерлерін мұражай ұжымы атынан Маңғыстау мұнайының 60-жылдық мерейтойымен және кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Еліміздің кемел келешегін қалыптастыру жолында сіздердің еңбектеріңіз орасан зор. Баршаңыздың отбасыларыңызға береке-бірлік, амандық-саулық тілеймін.


Жас жұбайлар мұражайда


Ағылшындық саяхатшы Мэттью Адамс

**Ұлболсын Бектлецова,**
**«Жетібаймұнайгаз» ӨБ**
**«Еңбек Даңқы»**
**мұражайының қызметкері**



*Еңбекпен есейген Ерлер*

# АСЫЛ ЕРДІҢ СЫБАҒАСЫ – АДАЛ ЕҢБЕК

**Кенорнында жүріп, ел игілігін еселеуге үлес қосу оңай шаруа емес. Дегенмен мұнай-газ кен орындарының суығына тоңып, ыстығына күйіп, қайыстай қатып әбден ысылған мұнайшылардың өмір баяны қазыналы Маңғыстау мұнай өндірісі тарихындағы елеулі тарау. Бүгінгі біздің сөз еткелі отырған кейіпкеріміз кәсіпшіліктің алғы шебінде жүрген жан – «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының механигі Жетесін Алманов.**



Жетесін Алманов 1965 жылы Түркменстанда дүниеге келген. Ұлы Отан Соғысының ардагері Нүби ақсақалдың бауырына басқан бес баласының бірі жастайынан зерек, алғыр болып өседі. Жетесін Ұлы Отан Соғысының батыры Мәди Бегенов атындағы №5 қазақ орта мектебін 1982 жылы бітіріп, Қиыр Шығыстағы Хабаровск, Амор ауданына әскери борышын өтеуге аттанады. Сексенінші жылдары туған жерге бет бұрған бауырларының артынан Жетесін де әскерден оралысымен Ақтау қаласына көшіп келеді. Алғашында МАЭК мекемесіне жұмысқа тұрып, бір жылға жетпей 1986 жылы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасындағы Пайдаланыстағы жабдықтарды жөндеу және прокаттау цехына слесарь-жөндеуші болып орналасады.

Кенорнында жүріп біраз тәжірибе жинақтаған Жетесін аға «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ПЖПЖЦ-да шебер, басшы орынбасары, механикалық цех бастығының орынбасары қызметтерінде болды. Кейіннен, 2018 жылы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасына ауысып, бүгінде АСАҚ учаскесінде механик қызметін жалғастыруда.

«Басшылығымыз бен ұжымдастарыма өте ризамын. Басыңа қандай болмасын жағдай түссе де қасыңнан табыла біледі. Еткен еңбегім еленбей қалған емес. Көптеген Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарым бар. Осындай ұжымның ішінде еңбек етіп жүргеніме тәуба етемін, қуанамын» дейді мұнайшы аға өз ұжымы туралы. Жұбайы Қырмызы апамызбен бірге бір ұл, екі қыз тәрбиелеп отырған кейіпкеріміз жұмыстан бос уақытында спортпен шұғылданып, үстел теннисіне де қызығушылық танытады, тіпті ұжым намысын қорғап жүлдегер атанған кездері де болған.

Дүниенің түгел тұрғаны, туған түбегінің ырыс-несібесінің бүтін тұрғаны Жетесін ағамыз бен оның әріптестеріндей қарапайым жандардың еңбегі. Ісіне шын берілгендер ғана жұртына тірек, елінің абыройына абырой қоспақ.

# КӘСІПКЕ ДЕГЕН МАХАББАТ – ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА

**Биыл Жетібай мұнайына 60 жыл. Өткен жылдың қиындықтарына қарамай жетібайлықтар мұнай өндіру жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Ал, компания еңбек ұжымының ауызбіршілігі мен табандылығының арқасында 31 740 тонна мұнайды артық өндіріп, жақсы көрсеткішке қол жеткізді. Өндірістің мұндай көрсеткішке жетуіне бір кісідей атсалысып жүрген мұнайшылардың бірі Маңғыбаев Жолдас Тұрғанбайұлы.**





Еңбек өтілі бірнеше жылды құрайтын еңбек династиялары болмаса да Маңғыбаевтар әулетінің бес мүшесі мұнай саласында еңбек етіп жүр.

- Мамандық таңдау мәселесі біздің алдымызда ешқашан тұрмаған болатын, - деді «Жетібаймұнайгаз» ӨБ №1 мұнай және газ өндіру кешенінің ауысым инженері Жолдас Маңғыбаев. Өз әкемізді үлгі тұтып, оның соңынан ілестік, ұрпақтан ұрпаққа кәсібін зор махаббатпен жеткізіп, өте жоғары тәртіп пен жауапкершілікті талап ететін өндірісте туысқандығымыз жарасып бір-бірімізді жерге қаратпай, әрқашан Маңғыбаевтар әулетінің атына дақ түсірмеуге тырысып келеміз. Әрі өзіміздің күнделікті абыройлы ісімізбен еліміздегі мұнай саласының дамуына өз үлесімізді қоса береміз!

Жолдас Тұрғанбайұлы Маңғыбаев Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылында 1975 жылдың 30 тамызында қарапайым мұнайшылар отбасында дүниеге келді. Әкесі Тұрғанбай Маңғыбаев ОСК мекемесінде машинист қызметін атқарса, анасы Жұпар Маңғыбаева НГДУ мекемесінде қазандық операторы болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. Әулеттегі төрт ағайындының ішінде үлкендері Жалғас пен Дүйсен («НГДУ» цех «БПО» мастері) КРС-мастерлері болса қарындасы Бағила Маңғыбаева Жетібай Мәдениет үйінде директор. Әрқайсысы өз алдына отбасылы.

Жолдас Маңғыбаев 1992 жылы Жетібай ауылындағы №3 орта мектепті бітіріп, Жетібаймұнайгаз мекемесінің жолдауымен СПТУ-1 училищесіне мұнайгаз операторы мамандығы бойынша оқуға түседі. 1993 жылдың 9 қыркүйегінде Жетібаймұнайгаз кәсіпорынына оператор болып жұмысқа қабылданған жас жігіт сол жылдың қысында әскер қатарына шақырылып, екі жыл Отан алдындағы борышын өтеп келеді. Бүгінде маңызды салада жемісті жұмыс істеп жүрген тәжірибелі маман бір кездері МГӨЦ №1 цехында ардагер мұнайшы (марқұм) Совет Құлтасов пен диспечер Күміс Ермекбаеваның қасында ауысым операторы болып жұмыс атқарды. «Өз ісінің шеберлерімен жұмыстас болып, олардан алған тәжірибенің, ақыл-кеңестің арқасында еңбегімнің жемісін көріп жүрмін» -деп есіне алады Жолдас ағамыз сол кездерді.

Жұмысты қатар алып жүріп, политехникалық колледжде «техник-технолог» мамандығын, кейін 2006 жылдан бастап ауысым операторы қызметінен ауысым-инженері қызметіне тағайындалғанда білімін ұштап, Болашақ университетінен мұнайгаз саласы бойынша бакалавр деңгейіндегі білімді игеріп алады. Ерен еңбегімен ер атанып жүрген абыройлы азаматты Компания басшылығы да бірнеше рет мақтау грамоталарымен, медальдармен марапаттады.

- Өмірде елге қызмет еткеннен артық мәртебе жоқ. Қысы-жазы жаныма жалау болып, кез келген жағдайда қолдау көрсете жүріп, өзара түсіністікпен, сыйластықпен жұмыс істеп жүрген әріптестерімнің әрқайсысына жеке-жеке риясыз алғысымды білдіре отырып, Жетібай мұнайының 60 жылдығымен құттықтаймын! Қойнауы құтты дархан даламыз, ынтымағы жарасқан еліміз аман болсын деген тілек айтамын!

Кәрі шаңырақта ата-анасының алғысын алып, жұбайымен бала-келіннің қызығын көріп, немере өсіріп отырған үлкен әулеттің отағасы өз бақытының кілтін – еңбектен тауып отырған жан.

**Лаура Жолдыбаева**



# ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК НЫСАНДЫ ҚАДАҒАЛАУ, КЕЛЕҢСІЗ ОҚИҒАЛАРДЫҢ АЛДЫН-АЛУ БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС!

Кәсіпорында еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің жұмысын ұйымдастыру еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесіне сәйкес жүргізіледі, ол үнемі жетілдіріліп және қайта қаралады, оған нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарын ескере отырып, толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

Еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі барлық еңбеккерлерді – жұмысшыдан бастап басшыға дейін алдын алу жұмыстарымен қамтуды қарастырады және төмендегілерге бағытталған:

- салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі бөлімшелердің қызметін үйлестіру;
- еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру;
- еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы бойынша озық тәжірибелер мен ғылыми әзірлемелерді енгізу;
- еңбекті қорғау мәселелері бойынша ұйым қызметкерлерін ақпараттандыру және кеңес беру.

Осылайша, әрбір лауазымды тұлға, Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің қызметкерлерін қоса алғанда, тек техникалық, өндірістік немесе шаруашылық қызмет саласында ғана емес, сонымен қатар еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және санитарлық қауіпсіздік, құрылыс нормалары саласындағы заңнаманы мүлтіксіз сақтай отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруда да міндеттер мен жауапкершіліктердің нақты белгіленген шеңберіне ие.

Технологиялық процестің қауіпсіздігі және қызметкерлердің еңбегін қорғау бұл кәсіпорынның қызметін бағалаудың маңызды критерийі, сондықтан өндірісті тұрақты дамыту, қызметкерлердің денсаулығын сақтау сапасын жақсарту үшін келесі шаралар қабылданады:

- еңбектің қауіпсіз әдістерін, озық технологиялар мен жабдықтарды әзірлеу және енгізу;
- өзінің нормативтік мерзімін өтеген жабдықты пайдаланудан уақтылы шығару;
- жабдықтарды жаңғырту;
- одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтау үшін сараптама жүргізу.

Комиссия және ТӘЕЭК кіші комиссиясы басшылар мен мамандар, бригадалардың шеберлері мен жұмысшы персонал арасында білімді тексеруді жүргізеді. Қоғам басшыларының бұйрығымен бекітілген "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы жұмысшы мамандықтарының қызметкерлерін теориялық және өндірістік оқытуды ұйымдастыру жөніндегі Ережеге сәйкес білімді тексеру алдында Қ және ЕҚ (8 сағаттық бағдарлама) бойынша жұмысшы персоналды оқыту жүргізіледі. Барлық жаңадан қабылданған қызметкерлер тағылымдамадан өткеннен кейін және қауіпсіз жұмыс әдістері туралы білімдерін тексергеннен кейін өз бетінше жұмыс істеуге жіберілді. Кестеге сәйкес жұмыс персоналының арасында кезектен тыс және мерзімді нұсқамалар мен білімдерін тексеру уақтылы жүргізілді.

Қаламқас, Жетібай кен орындарындағы "өнеркәсіптік қауіпсіздік" бойынша оқыту курстарында оқытушылар "сауықтыруға 10 қадам" брошюрасынан алынған тақырыптар бойынша бейнероликтер көрсетіп, түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері бойынша персоналды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру мәселелеріне үлкен көңіл бөлінеді.

"Қаламқасмұнайгаз" және "Жетібаймұнайгаз" ӨБ-де әр түрлі жұмыс түрлеріне арналған қауіпсіздік техникасы бойынша плакаттармен, макеттермен, кестелермен, барлық мамандықтарға арналған Қауіпсіз жұмыс әдістері бойынша нұсқаулықтармен, негізгі технологиялық жабдықтарды пайдалану және жөндеу бойынша нұсқаулықтармен, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау қағидаларына алдын ала оқыту бағдарламаларымен, жеке қорғаныс құралдарын, өлшеу құралдарын, аспаптар мен аппаратураларды және т. б. пайдаланумен жабдықталған оқу сыныптары жабдықталған. Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша оқу сыныптарының жұмысына, оқу бағдарламаларының сапасына, оқыту кестелерінің сақталуына бақылау ұйымдастырылған.

Барлық цехтарда, учаскелерде қоғамның ӨБ және департаменттері ұжымының қызметкерлеріне әзірленген кестелерге сәйкес бейнероликтер көрсетілді:

- Көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік;
- Биіктіктегі жұмыстар;
- Энергия көздерін оқшаулау;
- Жылжымалы жабдық және кернеулі жабдық.

Сонымен қатар жыл сайын қоғам қызметкерлері үшін арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын сатып алу бойынша бюджет ұлғаюда.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі №188-V "Азаматтық қорғау туралы" Заңына сәйкес Қоғамның барлық қауіпті өндірістік объектілерінде (цехтар, учаскелер) аварияларды жою жоспарлары әзірленді.



"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ "ҚМГ", "ЖМГ" ӨБ персоналының авариялық жағдайларға дайындығын қамтамасыз ету үшін:

- апаттардың барлық ықтимал түрлері анықталды;
- бағаланған тәуекел (пайда болу ықтималдығы және салдары);
- жеке тұлғалар арасында міндеттерді бөлуді бақылау рәсімдері енгізілді, аварияларды жоюға және олардың іс-қимыл тәртібіне қатысушылар оқу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды өткізу кестесін әзірледі.

"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-да кәсіпорындағы жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру қамтамасыз етіледі, құрылымдық бөлімшелерде оқиғалардың түпкі себептерін анықтау үшін объектілерге, цехтар мен учаскелерге нысаналы зерттеп қарау жүргізіледі. Персоналға жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру нәтижелері және ұқсас оқыс оқиғаларға жол бермеу бойынша әзірленген іс-шаралар туралы ақпарат жеткізіледі. Бұл ретте міндетті түрде алдын алу шараларының орындалуы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар қызметкерлердің денсаулығын қорғауға көп көңіл бөлінеді:

- жұмыскерлерге мерзімді медициналық тексеру және ауысым алдындағы медициналық куәландыру жүргізіледі;
- қызметкерлердің денсаулық жағдайын мониторингілеу жүйесі жұмыс істейді (персоналдың денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдер мен өндірістік зияндар санаттары айқындалған);
- тәуекелдер мен өндірістік зияндарды төмендету бойынша шаралар әзірленіп, іске асырылуда;
- кен орындары бойынша дәрігерлік амбулаториялар құрылды;
- персоналдың санитариялық-тұрмыстық жағдайына бақылау орнатылды, қажет болған жағдайда нақты шаралар қабылданады және олардың қолданыстағы санитариялық нормалардың талаптарына толық сәйкестігі қамтамасыз етіледі;
- бар тәуекелдер, өндірістік процестің зиянды факторлары, ауруларды қорғау және алдын алу әдістері туралы хабардар ете отырып, персонал арасында санитариялық-ағарту жұмыстары жүргізіледі.
- тізімге сәйкес диспансерлік есепте тұрған Қоғам қызметкерлерінің денсаулық жағдайын бақылау бойынша Қаламқас, Жетібай к/о дәрігерлік амбулатория қызметкерлерінің күнделікті ауысым алдындағы тексеруден өтуі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы нормалар мен қағидалар талаптарының сақталуына 4 деңгейлік бақылау ұйымдастырылып табысты жұмыс істелуде. Тексерулердің жалпы нәтижелерін тексеруші анықталған кемшіліктерді жоюдың нақты мерзімдерін белгілей отырып және орындалу сапасын тексере отырып, арнайы журналға жазады.

Кеңестерде (үш деңгей бойынша) өзекті мәселелер талданады, тиісті шешімдер қабылданады. Тиісті деңгейде іске асыруға болмайтын шешімдер немесе ұсыныстар қарау үшін жоғары тұрған деңгейге, яғни жоғарғы басшыларға беріледі.

Бекітілген рәсімдер негізінде қауіптерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау жүргізіледі. Оларды азайту бойынша шаралар қабылданады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 203-бабы негізінде өндірістік кеңес құрылды, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Басқармасының шешімімен 2016 жылғы 23 мамырдағы №34 хаттама "еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес туралы ереже" және "еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің жұмыс қағидалары" бекітілді. Сондай-ақ, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Басқармасы және "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ қызметкерлердің жергілікті кәсіптік одағы" қоғамдық бірлестігі құрамында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес құрылды. Оның құрамына тепе-теңдік негізде жұмыс берушінің өкілдері, қызметкерлердің өкілдері және техникалық еңбек инспекторлары кіреді.

"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесі Қоғамның тұрақты жұмыс істейтін, консультативтік – кеңесші, алқалы құрылымдық органы болып табылады, ол жұмыс беруші мен Қоғам қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі талаптарды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастырады, сондай-ақ техникалық инспекторлардың жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша тексеру жүргізуді ұйымдастырады, еңбекті қорғау жыл сайын бекітілген кестеге сәйкес қоғамның өндірістік кеңесінің кеңестері өткізіледі.

"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ қауіпті өндірістік объектілеріндегі жұмыс жағдайларын жақсарту мақсатында Қоғам Басқармасының бұйрығымен "еңбекті қорғау күні" бекітілді. Әр айдың әр соңғы жұмасында қоғамның өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінде еңбек қорғау күні өткізіліп, онда төмендегі мәселелер қозғалады:

- өндірістік басқарма бөлімшелерінде тексерулерді ұйымдастыру;
- күнделікті және ай сайынғы бақылауды ұйымдастыру және жүргізу нәтижелері;
- жұмыс орындарының, машиналардың, технологиялық жабдық тетіктерінің, коршаулардың, бұғаттағыш құрылғылардың жай-күйі және қорғау құралдарының болуы;
- еңбекті қорғау талаптарына сәйкес ғимараттардың, құрылыстардың, үй-жайлардың және оларға іргелес аумақтардың техникалық жай-күйі мен оларды күтіп-ұстау, жолдардың, тротуарлардың, өту жолдары мен өту жолдарының жай-күйі;
- жұмыс орындарының, технологиялық, жүк көтергіш, көлік, энергетикалық және басқа жабдықтардың еңбекті қорғау талаптарына сәйкестігі;
- желдету, жылыту және жарықтандыру жүйелерінің жұмыс қабілеттілігі;
- жұмыскерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету және оларды дұрыс пайдалану;
- санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың жай-күйі;
- жұмыскерлерді еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту мен нұсқамалықтың уақтылығы мен сапасы;
- жұмыс істеушілердің еңбек қорғау нұсқаулықтарын, ережелері мен нормаларын сақтауы;
- еңбекті қорғау, журналдарды дұрыс жүргізу мәселелері бойынша нұсқама өткізуді ұйымдастыру;
- белгіленген еңбек және демалыс режимін, еңбек тәртібін сақтау.

Коронавирустық инфекцияның пандемиясына (COVID-19) байланысты, оның қызметкерлер арасында таралуына жол бермеу мақсатында, коронавирустық инфекцияның алдын алу және болдырмау жөніндегі шараларды күшейту туралы басқарма төрағасы А.С. Айдарбаевтың Қаламқас, Жетібай к/о бойынша ЕҚ және ӨҚ бөлімінің қызметкерлерімен Қаламқас, Жетыбай к/о мердігерлік ұйымның объектілерінде, талаптардың сақталуын тұрақты бақылау және дайындығын тексеру бойынша жұмыс күшейтілді.

"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Басқармасының "Қорғау" картасын қолдану регламентін бекіту туралы" 03.02.2020ж. №2 хаттамаға сәйкес және "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ объектілерінде "Қорғау" картасын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары негізінде Қоғамның 06.05.2020ж. №517-П бұйрығымен "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ жүйесінде П-35-86 "Қорғау" картасын қолдану қағидалары (бұдан әрі-қағидалар) бекітілді. Қоғам Басқармасы бекіткен "Қорғау" картасын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында ұсынылған үлгіге сәйкес "Қорғау" картасының бланкілерін орналастыруға арналған жәшіктер әзірленді. Қазіргі уақытта Қаламқас, Жетібай к/о бойынша ЕҚ және ӨҚ бөлімімен "Қорғау" картасын қолдану қағидалары бойынша ЕҚ және ӨҚ қызметі әзірлеген бейне материал Қоғам қызметкерлеріне көрсетіліп оқу жүргізілуде.

"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің мамандары қауіпті өндірістік нысандарда «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мен «Жетібаймұнайгаз» ӨБ мамандарымен бірлесе отырып өндірістік жарақаттануды болдырмауға, алдын-алуға және табысты қол жеткізуге ықпал етуі үшін қажеттінің бәрін жасайтынына сеніміміз мол! Назарларыңызға рахмет!

**Құрметпен,**

**Б.Б. Ләтіп,**
**Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің басшысы**

*Марапат*

# БЕЙБІТ КҮНДЕ ДЕ ЕРЛІККЕ ОРЫН БАР

**1 наурыз – Алғыс айту күнінде қауіпті жағдайларда өз өмірлерін қатерге тігіп, аса қажет сәтте қол ұшын созған бейбіт күннің батырларына ADAM BOL AWARDS Бірінші ауқымды отандық сыйлығы табысталды. Сарапшылар кеңесінің іріктеуінен өтіп, халық арасында көп дауыс жинаған он екі кандидаттың бірі біздің әріптесіміз - адам ресурстарын басқару департаментінің еңбекті ұйымдастыру жөніндегі жетекші инженері Ардақ Байманасов.**




Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың әлемге танылған қара сөздерінде «Адам бол» сөзі жүз жыл өтсе де өзекті болып қала береді. Ал, бүгінгі қоғамда қысылтаяң сәтте біреуге көмекке келуге дайын тұратын мұндай сергек азаматтар көп кездесе бермейді. Олардың ерлікке пара-пар әрекеті мен жедел қимылының арқасында қаншама адам ажалдан аман қалды. Біздің мақтанышымыз Ардақ Байманасовтың жасаған ерлігі екінің бірінің қолынан келмейді.

Бұл тосын оқиға 2019 жылдың желтоқсанында түнгі сағат үш шамасында, 11 шағын аудандағы үйлердің бірінде болған еді. Шырт ұйқыда жатқан Ардақты қолқа атар түтіннің ащы иісі оятты. Үйдің ішін тексеріп, алаңдайтын еш себеп жоғына көзі жеткен ол біраздан соң түтін иісінің күшейе түскенін аңғарады. Терезеден көрші пәтердің өртке оранып жатқанын көріп шұғыл өрт сөндірушілер мен жедел жәрдемге хабар береді. Мүдірместен далаға шыққан Ардақ алғаш болып келген үш полиция қызметкерлерімен бірге өрт шыққан пәтерден шырт ұйқыда жатқан үш адамды оятып, далаға алып шығады. Сол арада өрт сөндіру қызметі де жетіп, тілсіз жауды ауыздықтайды. Зардап шеккендерге медициналық көмек көрсе-тіледі. Аман қалуларына себепкер болған Ардаққа көршілері дән риза.

Осындай шешуші сәтте абдырап қалмай, лезде дұрыс шешім қабылдаған жүрекжұтқан әріптесіміздің бүгінде ерлігі еленді. Алматы төріне арнайы шақыртылып Бірінші ауқымды отандық сыйлық алды. Ардаққа ADAM BOL AWARDS премиясын боранды күні Қостанай трассасында кептеліп қалған автокөлік колоннасына жаяу жүгіріп жол көрсеткен полиция лейтенанты Амантай Байжанов табыстады. Амантай Байжановтың бұл кезекті ерлігі болса керек, бұған дейін ол 15 адамды өрттен аман алып қалған. Осындай ерлік істерімен айналасына үлгі болар отандастарымыздың қатары көбейе бергей!

Әріптесіміз Ардақ Байманасовты марапатымен құттықтап, еңбегіне табыс тілейміз!

**Л .Жолдыбаева**

*Мастер своего дела*

# БЫТЬ ПОВАРОМ – ЭТО ПРИЗВАНИЕ!

**Все кто хоть раз бывал на месторождениях Каламкас или Жетыбай во время праздников Наурыз или День нефтяника, наверняка хорошо помнят вкус изумительного плова – наряду с бешбармаком - одного из главных праздничных блюд застолья. Приготовленный на костре в большом казане настоящий узбекский плов, с тончайшим ароматом пленил сердца даже самых привередливых гурманов. Автором этого кулинарного шедевра является Шахрилло Дехконов (Шохрат аға). Шохрат аға накормил ни одно поколение нефтяников: вот уже 30 лет он готовит разнообразные блюда в столовых на нефтепромыслах АО «Мангистаумунайгаз».**




- Я родился в 1965 году в Бухарской области Узбекистана, - рассказывает Шохрат аға. – В 10 лет потерял маму и на мои плечи легла забота о младшем брате и сестренке. Отец работал бригадиром в СМУ, поэтому с раннего возраста мне приходилось следить за домом, в том числе и потихонечку, готовить еду. Вообще-то в детстве я мечтал стать учителем истории, но любовь к кулинарии перевесила, поэтому после 8 класса я поступил в СПТУ, которое с отличием окончил, получив диплом повара 4-го разряда.

Свои кулинарные навыки Шахрилло Дехконов отточил в рядах Вооружённых Сил Советской Армии, сначала была служба в Горьковской области РСФСР, затем в Чехословакии. Но где бы ни служил Шохрат аға, военные всегда по достоинству оценивали его кулинарные способности, ведь не зря же 25 марта 1986 года Декхонов был демобилизован в звании старший сержант и старший повар полка!

- После армии я по направлению Министерства торговли приехал в Казахстан, в Кульсары, вахтовый поселок Тенгиз, здесь же встретил свою будущую супругу Гульнар, - говорит Шохрат аға. – В 1990 году нас пригласили на работу в тогда еще город Шевченко, а спустя год мы уже работали поварами в НГДУ «Комсомольскнефть» (месторождение Каламкас). И вот уже 30 лет я занимаюсь любимым делом в столовых на нефтепромыслах АО «Мангистаумунайгаз». Параллельно я заочно окончил Алматинский институт народного хозяйства по специальности «товаровед-технолог», «экономист».

С 2008 года Шохрат аға работает заведующим производства столовой № 7 на месторождении Жетыбай (в настоящее время работает в ТОО «CASPIAN FOOD» - подрядной организации АО «Мангистаумунайгаз», отвечающей в том числе и за питание нефтяников). Он считает, что профессия повара не только интересная, но и творческая. Представляете сколько блюд можно приготовить из простой картошки, если подойти к делу творчески?! Но самым главным рецептом любого блюда Шохрат аға называет любовь к работе:

- Повар должен работать с хорошим настроением, творчески, с любовью, когда готовишь надо вкладывать душу, тогда все удастся и любое блюдо получится аппетитным и вкусным.

Шохрат аға воспитывает троих детей – двух сыновей и дочь, по стопам отца они не пошли, - выбрали другие профессии, - но уж поверьте кулинарным премудростям он их обучил. А вообще в семье Дехконовых за приготовление пищи отвечает супруга, но если намечается праздник с большим количеством гостей, то тут за дело берется хозяин дома. Помимо плова, любимые для готовки блюда - бешбармак и шашлыки.



1995 г.



- На работе готовишь, дома готовишь, неужели за столько лет этот процесс не надоедает? На самом деле нет, знаете это как водить хорошую машину, сколько бы ни садился за руль, все равно ведь испытываешь удовольствие, - признается Шохрат аға. – Кстати, я очень люблю водить машину, а еще люблю заниматься спортом: тягаю штангу, совершаю пробежки, поколачиваю грушу.

За три десятилетия работы Дехконов неоднократно поощрялся благодарственными письмами, почетными грамотами и дипломами, но самой главной наградой за свой труд Шохрат аға называет слова благодарности от нефтяников: «спасибо, было очень вкусно» - это высшая похвала!

- Казахстан стал для меня второй Родиной, - напоследок говорит Шахрилло Дехконов. – Здесь я встретил свою любовь, здесь родились и живут мои дети, здесь я обрел настоящих друзей, здесь меня окружают коллеги, у которых я многому научился и которыми очень горжусь! К сожалению страшная пандемия очень сильно повлияла на наш повседневный уклад, но я верю, что нам удастся преодолеть все трудности, и скоро жизнь заиграет прежними яркими красками!



*Оқырман хаттары*

# АРДАГЕР МҰНАЙШЫЛАР АЛҒЫСЫ

***Құрметті Асқар Алтынбекұлы!***

Н.Ә. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының мұнай және газ саласының ардагерлеріне қолдау көрсетіп, игі мақсатта үздіксіз қызмет етіп келе жатқанына 17 жыл болды. Бұл қор бізге, мұнайшылардың аға буынына, қиын сәттерде қашанда қол ұшын созып, жігерімізді жанып, жүрегімізге үміт ұялатады.

Қайрат-жігерін, бар өмірін мұнай өнеркәсібіне арнап, аянбай еңбек етіп, адал қызметімен мемлекетіміздің қуатты мұнай қорын құруға, егемен елдің әлеуетін арттырып, экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге қомақты үлес қосқан еңбек адамдарын елеп-ескеріп, жанашыр болған бұл ұйымның қоғам үшін маңызы зор.

Қара алтынды іздеп барлау, игеру, тасымалдау мен өңдеудің бейнетін, мұнайшы еңбегінің азабын, қызығы мен шыжығын еліміздің мұнай шежіресінің бастауында тұрған біздің буын жақсы біледі. Арамызда Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері, еңбек сіңірген және құрметті геологтар, бұрғышылар, мұнай және газ кен орындарының ізашарлары, атақты ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, жоғары марапаттар мен атақтарға ие болған азаматтар да, «қара алтынды» барлау мен игеруге талай жылын сарп еткен қарапайым жұмысшылар да бар. Еліміздің бай минералды шикізат қорын қалыптастыруға бұл адамдардың еселі еңбегі сіңген болатын, ал осы ардагерлердің көбі бүгінде тек материалдық көмекке ғана емес, жылы сөзге, қарапайым қолдауға зәру.

Өзіңіз құрылтайшысы болған, абыройлы ел азаматтарымен бірге ұйымдастырған, ал бүгінде саланың 9000-нан астам ардагерін қанатының астына алып, жанашырына айналған «Мұнайшы» қоры талай жыл бойы бізден қамқорлығын аяған емес, жылы сөз бен қолдауды да мұнайшы ардагерлеріміз осы қонақжай шаңырақтан табады. Қазақстанның басқа салаларында осындай ауқымда жұмыс істейтін бір де бір қайырымдылық ұйым жоқ деуге болады.

Күш-қайратымыз, жігеріміз тасыған бозбала шағымыз бен жігіт ағасы болған кезімізде біз күн демей, түн демей табиғаты қатал мұнайлы өлкеде еңбек етіп, елсіз далада мұнай іздеп, жаңа кен орындарын ашып, бұрғылау қондырғыларын, мұнайшы кенттерін салып, еліміздің мұнай-газ саласының қалыптасуы мен дамуына аянбай атсалыстық. Кеңес Одағы ыдырап, адал еңбекпен тапқан ақшамыз құнсызданып, өмір бойы жиып-тергеніміз аяқ астынан түкке тұрмайтын тиын-тебенге айналатынын, саланың дамуына сіңірген еңбегіміз, қосқан үлесіміз үшін мемлекеттің тағайындаған зейнетақысы төмен болып, ол қаражаттың тіпті коммуналдық қызметтерді төлеуге, дәрі-дәрмек пен азық-түлік алуға әрең жететінін, алда қиын дағдарыстар тұрғанын болашағына үмітпен қараған біздің замандастарымыз білген жоқ. Нарықтық экономикаға аяқ басқан кезде ардагерлер үшін қарастырылған жеңілдіктердің көбі жойылды, өз еңбек ұжымдарынан ажырап қалған ардагерлер қоғамдық өмірдің көшіне ілесе алмай, жұртта қалды.



Осы қысылтаяң кезеңде 2004 жылы біздің бағымыз жанып, «Мұнайшы» қоры құрылды. Бұл ұйымның құрылуына сіздің сіңірген еңбегіңіз зор, әлі күнге дейін қоғамдық қызметке барынша араласып, табысты еңбек етіп жүргеніңізге, уақытыңыздың тапшылығына қарамастан, қор құрылтайшыларының бірі ретінде ардагер мұнайшылар қауымын ұмытпай, қамқор болып жүрсіз. Құрылғаннан кейін көп ұзамай «Мұнайшы» қоры халық арасында танымал болды, әрине, бұл сіздің қатысуыңыздың, абыройыңыздың арқасы. Сіздің қоғамдағы беделіңіз бен мәртебеңіздің, көрегендігіңіз бен парасатыңыздың, керемет ұйымдастырушылық қабілетіңіздің осы қоғамдық ұйымның дамуына көп әсері болғанын біздер жақсы білеміз.

Он жеті жыл бойы «Мұнайшы» қоры саланың дамуына үлесін қосқан мұнайшы ардагерлер жайлы, мұнайшы әулеттері жайлы «Қазақ мұнайының ардақтылары» кітаптар топтамасын шығарып келеді, мерейтой иелерін құттықтап, мереке күндері және мерейтойларға орай іс-шаралар ұйымдастырып, бізді қонақ қылып, сый-сияпат көрсетуді ұмытпайды, ақсақалдарымызды мемлекеттік марапаттарға және құрметті атақтарға ұсынады.

Қордың шығарған кітаптарын қызыға оқып, әр бетін аударған сайын көз алдымызға Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінің қалыптасуы мен даму тарихында орын алған жарқын сәттер, елеулі оқиғалар келеді: Ұлы Отан соғысы кезіндегі мұнайшыларымыздың еңбек майданындағы жеңістері, қазір дүние жүзіне белгілі мұнай кен орындарының ашылу және игерілуі кезінде кен орындарын жабдықтаған инженерлердің, мұнайшы кенттерін салып, мұнай құбырларын тартқан құрылысшылардың, мұнайшылар мен бұрғышылардың, геологтардың жанкешті еңбегі жадымызда жаңғырып, жалындағын жастық шағымызға оралғандай боламыз. Қордың осы зор ізденісі, жүйелі зерттеу жұмысы мұнайшылардың бүгінгі буынына еліміздің мұнай тарихымен, зор индустрияны құрған тұлғалармен танысу мүмкіндігін береді.

Іс жүзінде «Мұнайшы» қоры Қазақстанның мұнай жылнамасын жинап жазып, үлкен жұмыс атқаруда. Бұл шежірені қоғам игілігіне жинап, жариялап, келешек ұрпаққа табыстағаны үшін, осы уақытқа дейін жүзден аса кітап шығарған қордың редакциялық алқасына айтар алғысымыз зор. Бұл кітаптар еліміздің мұнай-газ өнеркәсібінің тарихын жаңғыртады. Сіздерге мұнайшылардың өмірбаяндарын, еңбек жолына қатысты мәліметтер мен құжаттарды, замандастарының естеліктерін жинап, өскелең ұрпаққа пайдасы зор мұнайшылардың еңбектегі ерліктері жайлы шежірені қастерлеп жинап, жариялап жатқандарыңыз үшін ризамыз.

Елімізде болған экономикалық дағдарыстар, әсіресе қатерлі індет тараған 2020 жыл Қазақстан экономикасына көп зиянын тигізді. Әрине, бұл кезең халыққа ауыр тиіп, елді есеңгіретіп тастады, әсіресе аға ұрпақ, ел қариялары үшін бұл сынақ ерекше ауыр болды. Дегенмен де, біз мойымай, сары уайымға салынбай, бекем болуға тырысамыз, себебі осы қысылтаяң кезеңде «Мұнайшы» қоғамдық қорының ардагерлерді ескеріп-елеуі, жанашырлықпен, мейіріммен қарап, үздіксіз қолдау көрсетуі келешегімізге үміт сыйлап, ертеңімізге сеніммен қараймыз.

Құрметті Асқар Алтынбекұлы, біз, Қазақстан Республикасының ардагер мұнайшылары, осы қордың құрылтайшысы әрі Қамқоршылық кеңесінің төрағасы ретінде сізге материалдық және әлеуметтік көмек көрсеткеніңіз үшін, баға жетпес рухани қолдауыңыз үшін, зор ризашылығымызды білдіріп, алғыс айтамыз. Сіздің жеке қолдауыңыздың арқасында қор мұнайшы ардагерлерге әлі де көмегін үзбей келеді, ал біз өзімізді қоғам үшін пайдасы тиер, еліне қажеті бар азамат сезінеміз.

Шын жүректен сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, талмас қанат тілейміз, басыңыздан бақ таймасын!

**Құрметпен,**

**Атырау және Маңғыстау облыстарының ардагер мұнайшылары**

*Қайырымдылық*

# ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ КӨМЕГІ

Газетіміздің өткен санында былтырғы 2020 жылдың толық қаржылық есебін беріп, қызметіміздің кезекті тарауын қорытындыладық. Енді міне жаңа 2021 жылы атқарылып жатырған қайырымдылық қызметіміздің есебін беріп бастаймыз.

Көмек көрсету туралы алғашқы өтініш «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы көлік департаментінің қызметкері Рахат Икасбаевтан келіп түсті. Рахат әріптесіміз осы мақала жазылып жатқан кезде індетке туабітті шалдыққан баласына шипа іздеп Қызылорда қаласына барған екен. Алайда, қолдарындағы қаражаттары қажетті ем-дом шараларын алуға жетпеген соң, Қорымызға көмек сұрап хабарласты.

«МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ

Әріптесіміз өзі басқа қалада болғандықтан, өтінішті әріптесіміздің орнына анасы Қанапия Камалова апа келіп жазып, Қор атынан қайырымдылық көмекке бөлінген 50 000 (елу мың) теңге көлеміндегі қаражат та Қанапия апаға табысталды. Алла шипасын нәсіп етсін!

Құрметті әріптестер, көп түкірсе көл болары белгілі. Осындай қайырымды істе көпшілік болып жұмылуға шақырамыз. Қор салымшысы боламын десеңіз 215-312 телефон нөміріне немесе бұрынғы «КазНИПИ» ғимараты 240 кеңсеге жолықсаңыз болады. Жақсылық жасауға асығайық!


## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

# 212-229

## ХАБАРЛАСЫҢЫЗ:

- Қоғамның мүдделерін қозғайтын құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы
- Қоғам қызметкерлерінің тарапынан бопсалау деректері туралы
- Сыбайлас жемқорлықтың көрінісі туралы
- Қызмет бабын теріс пайдалану туралы
- Мүдделер қақтығысының туындауы туралы
- Және басқа да құқық бұзушылықтар туралы

**АНОНИМДІК КЕПІЛДІК БЕРІЛЕДІ**





Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, А.Ақшаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 215-266 212-194, 211-885

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.

Индексі: 64265

"ADVER" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 3-Б ш/а, 55/1 ғим. тел: 8(7292)507000